

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Заң институты
Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз
ету кафедрасы

Бекітемін
Академия бастығының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары
полиция полковнигі

О. Т. Сейтжанов

« ____ » _____ 2019 ж.

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған

SKZ 3309 «Суық қаруды зерттеу»

пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Оқыту нысаны: күндізгі

Курс: 3

Семестр: 5

Кредиттер саны: 3

Дәрістер: 5 сағат

Семинар:

Практикалық сабақтар: 40 сағат

Межелік бақылаудың саны: 2

КООЖ: 15 сағат

КӨЖ: 75 сағат

Емтихан – 5 семестр

Бақылау жұмысы: (криминалистикалық зерттеу): 5

Қарағанды 2019

5B030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығына арналған SKZ 3309 «Суық қаруды зерттеу» пәні бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырғандар:

А.Б. Жакулин, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;

А.Ж. Жунусова, қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасының доценті.

Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету кафедрасында талқыланды.

2019 ж. «04» 06 № 28 хаттама

Кафедра бастығы

А.Б. Жакулин

Академияның Оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында бекітілді.

2019 ж. «11» 07 № 11 хаттама

© Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2019 ж.

2.1. Негізгі ақпарат:

1. Мамандықтың шифры мен атауы	5В030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	3 курс, 5 семестр
3. Пән циклы	Суық қаруды зерттеу
4. Кредиттер саны	3
5. Сабақты өткізу орыны	307, 308, 315 оқу аудиториялары
6. Дәріскер	А.Ж.Жунусова - кафедра доценті. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-кабатында орналасқан, № 311-кабинет, телефондары: 3-06; 30-33-88
7.Сабақты жүргізетін оқытушылар	А.Ж. Жунусова - кафедра доценті, Ж.Е. Айтжанов-кафедра оқытушысы. «Қылмыстарды ашу және тергеуді техникалық-криминалистикалық қамтамасыз ету» кафедрасы Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының 1-оқу ғимаратының 3-кабатында орналасқан, № 314-кабинет, телефондары: 3-39; 30-33-88

2.2. Пререквизиттер: криминалистикалық техника.

2.3. Постреквизиттер: өндірістік тәжірибе.

2.4. Пәннің қысқаша сипаттамасы:

Пәнді оқытудың мақсаты ретінде заңда көзделген арнайы білімдер институтын тиісті түрде қолдану арқылы қылмыстық, азаматтық, әкімшілік іс жүргізу қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған білімнің жеке дербес саласы ретінде суық қаруды криминалистикалық зерттеу туралы жүйеленген түсінік тұрғысында курсанттардың қажетті білімдерді, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі табылады.

Пәнді оқытудың негізіне келесідей жалпы әдістемелік қағидалар қойылған:

- теория мен практиканың бірігу принципі маман-криминалистерді теориялық, практикалық және арнайы даярлау ережелерінің өзара байланысын айқындайды;

- пәнді табысты түрде ойдағыдай меңгеру фундаментальдық теориялық негізден бастап нақты бір объектілерді зерттеу дағдыларын үйренуге дейін осы білімдерді практикалық тұрғыда қолдана білу схемасы бойынша құрылады;

- бұл жағдайда, теориялық даярлық – негізінде мазмұндары бойынша сәйкес келетін арнайы білімдер мен практикалық дағдылардың негізіне жататын ғылыми базис болып табылады;

- оқу ақпараттарын оптимизациялау принципі курсанттардың психофизиологиялық мүмкіндіктері және оқытудың рационалдық мерзімдеріне сәйкес оқу ақпаратын уақытқа бөлуге мүмкіндік береді.

Осы критерийлердің көмегі арқылы пән тарауларын оқытуды және оқу

сабақтарының нақты түрлерін, яғни дәріс және практикалық сабақтарды, сондай-ақ курсанттардың өзіндік жұмысын жүргізуді зерделеуге бөлінетін нақты тиімді уақыт анықталады.

Сабақ берудің негізіне мамандарды даярлаудағы жүйелілік және бірізділік қағидасы жатады.

Курсанттардың оқудағы саналылық, белсенділік және дербестік қағидасы - жеке ізденісті ұжымдағы оқу жұмысымен қосу, абстрактылы ойлауды сабақ берудің көрнекілігімен ұштастыру, ғылыми білімнің нақтылығы.

Тәрбиелілік қағидасы - сабақ берудің мазмұны мен ұйымдастырылуында көрінетін, қылмыстарды ескерту мен ашу бойынша міндеттерді шешуге қабылетті мамандардың моральдық бейнесін қамтамасыз ететін талаптар.

Пәнді оқытудың міндеттері:

Ішкі істер органдарының жедел-криминалистикалық бөліністерінің жұмысына талдау жүргізу көрсеткендей, суық қаруды зерттеудің саны жылдан жылға өсіп келеді. ПО маман-криминалистерін кәсіби даярлау көбінесе олардың суық қарудың жіктемесін (классификациясын) білуімен, қарудың нақты бір данасын анықтау және осы білімдерді қылмыстарды ескерту, ашу және тергеп-тексерумен байланысты міндеттерді шешу кезінде қолдануға тікелей байланысты екендігін растап отыр.

Оқыту міндеттері – курсанттан жоғары кәсіби маман даярлаудан тұрады. Яғни ол өзінің терең теориялық білімі мен практикалық дағдыларын пайдалана отырып, арнайы білімдерді қолдану арқылы қаруды зерттеумен байланысты дәлелдемелерді алу бойынша міндеттерді шешуге қабылетті болуы тиіс.

Тәрбиелік міндеттері:

Қарастырылып отырған қылмыстарды тергеп-тексеру кезінде жүргізу кезінде заңдылық принциптерінің, әлеуметтік әділеттілік пен рухани тазалықтың мағынасын терең түсіне білу.

Қылмыстардың жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру практикасы үшін криминалистикалық білімдердің, әдістер мен құралдардың рөлін түсіне білу.

Әрбір курсанттың біліктілікті арттыру және өз бетімен білім алу арқылы өзінің кәсіби деңгейін ұдайы арттырып отыру қажеттілігін түсіне білуі.

Білім алудың мақсатты бағдары.

Суық қаруды зерттеу саласы бойынша мамандырылатын маман-криминалисті кәсіби даярлаудың ерекшелігі ретінде өз білімін ұдайы толықтырып және жаңартып отыру қажеттілігі табылады.

Әрбір қару – жеке, ал маман үшін ол – зерттеу объектісі. Яғни бұл маманның күнделікті жұмысында әрқашан іздеу элементі, ғылыми-зерттеу қызметінің элементтері болатындығын білдіреді. Сондықтан да курсанттың – болашақ маман-криминалистің бойына зерттеу дағдыларын, сондай-ақ ойлай білуді сіңіру қажет.

Маман-криминалист суық қаруды зерттеу бойынша практикалық міндеттерді шешу кезінде өз бетімен және творчестволық тұрғыда өз білімін қолдана білуі тиіс.

Пәнді оқыту тағылымдамадан өту кезінде практикалық дайындық арқылы органикалық бірігу бойынша жүзеге асырылады, яғни мұнда курсанттар зерттеу жүргізу және криминалистикалық практиканы практиканы зерделеу арқылы өздерінің криминалистика саласында алған арнайы білімдерін өз бетімен қолданады.

Осыған байланысты пәнді оқытудың негізгі мақсаты болып теориялық білім беру, практикалық іскерліктер мен дағдыларға баулу табылады және бұл өз жиынтығында құқық қорғау органдары қызметкерлерін кәсіби даярлауды құрайды.

Тәжірибеде білімдері мен түсіну қабылеттерін қолдану:

Оқу процесінде алынған теориялық білімдерді кәсіби қызметке трансформациялау. Негізгі техника-криминалистикалық құралдарды дұрыс таңдау және қолдану білу. Пайымдаулар жасау, идеяларды бағалау және тұжырымдарды құрастыра білу қабілеттілігі.

Криминалистиканың әртүрлі проблемалары бойынша ғалымдардың пікірлерін талдай білу қабілеттілігі және осының негізінде өзінің жеке пікірінің аргументациясын құра білу.

Коммуникативтік іскерлік:

Ақпаратты, идеяларды, криминалистиканың проблемаларын хабарлай білу және көрнекті ұсына білу іскерлігі мен оларды аудитория ерекшелігін ескере отырып әртүрлі нысандарда шешу.

Оқу қабылеттілігі:

Әрбір курсанттың білікті арттыру және өздігінен білім алу арқылы ұдайы кәсіби даярлығын арттыру қажеттілігін түсінуі. Кәсіби өздігінен жетілу дағдыларын игеру.

Дағды – ойлау қызметінің нәтижесінен туындайтын тәжірибелік жаттығулардың нәтижесі, әрекеттерді қайта-қайта қайталау,

Шеберлік – адамның атқарушылық қызметінің нәтижесі. Ол оның өзінің кәсіби функцияларын орындауда дайындығының деңгейін сипаттайды.

Білімд меңгеру, шеберлік пен дағдыны игеру – оқу жұмысының барлық нысандары қолданылатын бірегей үрдіс. Шеберлік пен дағдылар тәжірибелік қызметтің жеке тәжірибесінің нәтижесі ретінде курсанттан алдарына қойылған міндеттерді өздігінен тәжірибелік шешуді талап етеді. Осы міндеттердің ойдағыдай дамуы көп жағдайда «Суық қаруды зерттеу» курсының оқытуды ұйымдастыруға, оқытудың әдістемесіне, амалдарына және құралдарына байланысты.

2.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет тізіміне сілтеме	Бақылау нысаны (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Баллдар (рейтинг-шкалаға сәйкес)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі

1	2	3	4	5	6	7	8
1	Практикалық сабақтарда ауызша жауап беру	Жұмыс оқу бағдарлама асына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (сабақтағы ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың барлық тақырыптарына ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, сабақта бағаланады
2	Ауызша жауап, баяндама жасау, КОӨЖ	Жұмыс оқу бағдарлама асына сәйкес	Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиетті қолдану	Ағымдағы бақылау (КОӨЖ сабағында ауызша жауап пен жасалған жұмыс бағаланады)	Сабақтың әрбір тақырыбына ауызша жауап бойынша 100 баллға дейін	Жауап сабақ барысында журналда бағаланады	Сабақ кестесі мен оқу жоспарына сәйкес, КОӨЖ сабағында
3	Межелік бақылауға дайындық	Тест сұрақтары	Семестр ішінде дайындық	Аралық бақылау (тест тапсырмалары)	100 баллға дейін	Жауап «Платонусты» бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
4	Бақылау жұмысы (криминалистикалық зерттеу)	Жұмыс оқу бағдарлама асына сәйкес	Бүкіл оқыту кезеңі ішінде орындалады	Ағымдық бақылау (бақылау жұмыспен бағаланады)	100 баллға дейін	Бақылау жұмысы тізімде меде бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Емтихан сұрақтары	Оқытудың барлық мерзіміндегі дайындық	Қорытынды бақылау	100 баллға дейін	Емтиханда жауап ведомоста бағаланады	Оқу жоспарына сәйкес

2.6. Курстың саясаты

«Суық қаруды зерттеу» пәнін оқып білу кезінде келесідей ережелердің сақталуын сұраймыз:

1. Сабаққа кешікпеу.

2. Сабақты орынсыз себептермен жіберіп алмау, сырқаттанған жағдайда тиісті медициналық анықтама, ал басқа жағдайларда — түсініктеме жазба ұсынылуы тиіс.

3. Өтемдер қабылданғанда, курсант жоспарланған сабақтарда жіберіп алған тақырыптар бойынша жауап беруге дайын болуы міндетті.

4. Тапсырмаларды орындау, ұсынылатын әдебиетпен міндетті түрде танысу және конспектілеу.

5. Сабак үстінде сөйлеспеу, ұялы телефондарды сөндіру.

6. Оқу процесіне белсенді қатысу.

7. Курстастары мен оқытушыларға ашық мінезді болу, кең пейілділік, шыдамдылық таныту.

2.7. Ұсынылатын әдебиет тізімі:

№ р/н	Атауы	Шығарылған жылы
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	30 тамыз 1995 жыл (2019 жылғы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).
2	Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан – 2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14.12.2012 ж.	Егемен Қазақстан, Астана, 15.12.2012 ж.
3	Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы "Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері" 10.01.2018 ж.	Егемен Қазақстан, Астана, 11.01.2018 ж.
4	Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Президенттің бес әлеуметтік бастамасы" атты халыққа үндеуі. 05.03.2018 ж.	Егемен Қазақстан, Астана, 05.03.2018 ж.
5	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Жарлығы.	Егемен Қазақстан, Астана, 2009 жылғы 28 тамыз.
6	Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексі.	2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ (2019 жылғы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
7	Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексі	2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ (2019 берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
8	ҚР Заңы «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы»	1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 339 Заңы (2019 жылғы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
9	ҚР Заңы «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы»	2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ (2019 жылғы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)
10	ҚР Заңы «Сот-сараптама қызметі туралы»	2017 жылғы 10 ақпандағы № 44-VI ҚРЗ (2019 жылғы берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен)

11	ҚР ІІМ № 75 ҚҚҮ «Ішкі істер органдарында жедел-криминалистикалық қызметті жүргізу Ережелерін бекіту туралы» бұйрығы	21.07.2014 ж.
2. Негізгі әдебиет		
12	Аверьянова Т.В., Белкин Р.С., Корухов Ю.Г. и др. Криминалистика.	Норма - 2007, 944 с.
13	Брушковский К.Б., Дильбарханова Ж.Р. Криминалистическое оружеведение исследование холодного оружия	Алматы 2004г.
14	Аверьянова Т.В. Судебная экспертиза: Курс общей теории.	М.: Норма, 2006.
15	Устинов А.И. «Холодное оружие и бытовые ножи»	М. Арсенал-Пресс 1994 г.
16	Криминалистика. Учебник. Под ред. профессора Н. П. Яблокова. 2-издание переработанное и дополненное.	М., ЮРИСТ 2000 г. – 718 с.
17	Криминалистика: Учебник / Отв. ред. Б. М. Нурғалиев.	Қарағанда: Болашақ-Баспа, 2009. – 813 с.
18	Аубакирова, А. Фиксация доказательств в криминалистике и судопроизводстве:	Алматы, 2000.-198с.
19	Дильбарханова Ж.Р., Брушковский К.Б., Турецкий Н.Н., Криминалистическое исследование холодного оружия	Алматы, 2004 г.- 145 с.
20	А.Ф.Аубакиров, С.Коваленко Криминалистическая цифровая фотография.	Алматы, 2003 г.
21	Белкин Р.С. Криминалистическая энциклопедия.	2-е изд. доп. – М.: Мегатрон ХХ1, 2000. – 334с.
22	Белкин Р.С. Криминалистический букварь.	М.: Юрист, 1997. – 112с.
23	Шарипов С.Р., Жунусова А.Ж. Криминалистика: справочное пособие по криминалистической технике.	Қарағандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, 2014.-137с.
24	Сумарока А.М., Стальмахова А.В., Егорова А.Г. «Холодное и метательное оружие: криминалистическая экспертиза»	Саратовский юрид. Инст. МВД России, 2000 г
25	Шнайдер, А.А. Экспертиза холодного и метательного оружия. Кримнавигатор: учеб. пособие / А.А. Шнайдер. – Саратов:	Сарат. юрид. ин-т МВД России, 2003. – 65 с.
26	Криминалистическое исследование холодного, метательного оружия и конструктивно сходных с таким оружием изделий: учеб. пособие / Дильдин Ю.М. [и др.]. –	М.: ЭКЦ МВД РФ, 2005. – 208 с.
27	Ефременко Н.В. Экспертиза холодного и метательного оружия : учеб. пособие / Н.В. Ефременко, В.П. Егоров, А.А. Артюшин; под ред. Н.В. Ефременко	Минск: Акад. МВД, 2013. – 123 с.
3. Қосымша әдебиет		

28	Попенко, В.Н. Складное холодное оружие: науч. поп. изд. / В.Н. Попенко	М.: Богучар, 1994. – 110 с.
29	Мурэ Ж.-Н. Ножи мира: науч. поп. изд. / Ж.Н. Мурэ.	М.: АСТ, 2002. – 142 с.
30	Тихонов, Е.Н. Криминалистическая экспертиза холодного оружия: учеб. пособие / Е.Н. Тихонов.	Барнаул: изд. Алт. ун-та, 1987. – 232 с.
31	Попенко, В.Н. Складное холодное оружие: науч. поп. изд. / В.Н. Попенко.	М.: Богучар, 1994. – 110 с.
32	Жук, П. Боевые ножи: науч. поп. изд. / П. Жук, С. Жук. –	М.: Гелеос, 1999. – 160 с.
33	Герасимов, А.М. Особенности криминалистического исследования некоторых образцов холодного оружия: учеб. пособие / А.М. Герасимов, В.Л. Рыжков. –	М.: ЭКЦ МВД РФ, 1994.
34	Ручкин В.А. Оружие и следы его применения. Криминалистическое учение.	Москва издательство «Юрлитформ», 2003 г. - 353с.
35	Попенко, В.Н. Холодное метательное оружие: науч. поп. изд. / В.Н. Попенко.	М.: Богучар, 1993. – 111 с.
4. Ғаламтор көзі		
36	http://adilet.zan.kz/rus Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми Web-сайты	
37	http://web.kzi.kz/index.php/ru/ob-akademii Қазақстан Республикасы ПИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ресми Web-сайты	
38	www.mvd.kz – Қазақстан Республикасының ПИМ ресми Web-сайты	
39	http://prokuror.kz - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының ресми Web-сайты	
40	http://pravstat.prokuror.kz/ - Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының жанындағы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ресми Web-сайты	
41	www.zakon.kz - Қазақстан Республикасының заңнамаларының Web-сайты	
42	http://stat.kz - Қазақстан Республикасының статистика бойынша агенттігінің ресми Web-сайты	
43	http://prg.kz/ - «Параграф» ақпараттық жүйесі	

2.8. Пән бойынша сабақтарды жүргізудің тақырыптық жоспары

№ Р/н	Тақырып нөмірі	Тақырып атауы	Кредиттер саны (сағат)	Аудиториялық сағаттар			КӨЖ	КӨЖ
				Дәрістер	Семинарлық сабақтар	Практикалық сабақтар		
1	1	Суық қаруды зерттеу, оның жіктелімі (классификация) және жекелеген түрлерінің конструктивті элементтері	8	1		1		5
2	2	Суық қаруды криминалистикалық зерттеудің жалпы әдістемесі	8	1		1	1	5
3	3	Сұқпалы (клинковое) суық қаруды криминалистикалық зерттеу	58	1		20 (1+1+2+1 +2+1+2+1 +2+1+2+1 +2+1)	7	30
4	4	Сұқпасыз (неклинковое) суық қаруды криминалистикалық зерттеу	53	1		17 (1+1+2+1 +2+1+2+1 +2+1+2 +1)	6	30
5	5	Лақтыратын қаруды криминалистикалық зерттеу	8	1		1	1	5
Барлығы:			135	5		40	15	75

2.9. Сабақ жоспарлары

Дәріс сабақтары

№ 1 тақырып. Суық қаруды зерттеу, оның жіктелімі (классификация) және жекелеген түрлерінің конструктивті элементтері

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Суық қаруды криминалистикалық зерттеудің құқықтық ережелері мен негіздері.

2. Суық қарудың жіктелімі (классификациясы).

3. Суық қарудың конструктивті ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Суық қару туралы ілім – бұл дене жарақатын келтіруге арналған ежелгі ғасырлардан осы күнге дейінгі әртүрлі ұлттар мен халықтардың материалдық мәдениетінің мағлұматтары, әскери ғылым, аңшылықтану, тауартану, металл өңдеу технологиялары және тағы басқа мағлұматтар кіретін арнайы білім

саласы. Қорыта айтқанда, кәсіби қылмыскерлер көптеген онжылдықтар аралығында тек қылмыс жасау мақсатында ғана қолданылатын суық қарудың бірнеше түрін жасап шығарған. Осының барлығы суық қарудың криминалистикалық түсінігінде, оның жіктемесінің жүйесінде, суық қару белгілерін бағалау критерийлерінде шоғырланады және зерттеудің спецификалық әдістемесін талап етеді.

Суық қару деп - тікелей дене жарақатын келтіру үшін жасап шығарылған, шабуыл жасауға немесе белсенді қорғануға арналған және тікелей өндірістік немесе шаруашылық-тұрмыстық мақсатқа сай емес заттар аталады. Суық қару жасалатын конструкциялар, өлшемдер, материалдар шабуал жасау немесе белсенді қорғану жетістіктерін қамтамасыз етуі тиіс (Р.С.Белкин).

Суық қару дегеніміз – бұл нысананы тікелей зақымдайтын құралы адамның бұлшық еті күшінің көмегімен қозғалысқа келтірілетін қару (Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30-шы желтоқсанындағы №339-І «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау жасау туралы» Заңы, 2017 жылғы 11 шілдедегі берілген өзгерістерімен және толықтыруларымен).

Криминалистикалық зерттеу - нәрсенің суық қаруға жататын-жатпайтындығын және оның қарудың қандай түріне (типіне) жататындығы мен қандай әдіспен жасалғанын анықтауға бағытталған. Осы сұрақтарды шешу үшін суық қарудың жіктемесі мен оның конструкциясын білу қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 2 тақырып. Суық қаруды криминалистикалық зерттеудің жалпы әдістемесі

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Суық қаруды алдын ала зерттеудің сатылары.
2. Суық қаруды егжей-тегжейлі (детальды) зерттеудің сатылары.
3. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құрастыру.
4. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Дәріс тезистері

Суық қаруға жататындығын анықтау бойынша жүргізілетін зерттеу өлшеу, суреттеу, салыстыру секілді жеке әдістерді қолданады, сондай-ақ зерттеудің экспериментальдық әдісі де пайдаланылады (мысалы, сұқпаның төзімділігін, өткірлігін сынап тексеру). Ғылым мен техниканың басқа салаларынан алынған жеке әдістер бұл жерде қайта түрлендірген күйде қолданылады. Сараптамалық тұжырымды, маманның тұжырымын құрастыру - зерттеудің өзара бір-бірімен үздіксіз байланысты барлық сатыларында жүзеге асырылады. Бұл кезде нәрсенің мақсатқа сай қолданылуы мен оның дене жарақатын келтіруге жарамдылығын объективті түрде анықтау, сонымен қатар объектінің түрлік, топтық арналуын анықтау мақсатында зерттелетін объектінің белгілері мен қасиеттеріне талдау жүргізуге баса мән беріледі.

Суық қаруды зерттеу әдістемесіне және оған сараптама жүргізудің мәніне зерттелетін объектілер белгілерінің қажетті және жеткілікті жиынтығын, суық қарудың немесе басқа да бұйымдардың нақты бір түрі мен типіне жататын ұқсас үлгілер (аналог-образец) белгілерінің жиынтығын анықтау және баға беру жатқызылады.

Суық қаруды зерттеу әдістемесі және оған сараптама жүргізу басқа да көптеген криминалистикалық зерттеулер секілді келесідей сатылардан тұрады:

1. Алдын ала зерттеу
2. Егжей-тегжейлі (детальды) зерттеу:

- бөлек зерттеу;
- салыстырмалы зерттеу;
- сараптамалық эксперимент жүргізу.

3. Суық қаруға сараптама жүргізу және тұжырымдар құрастыру кезінде бөлек және салыстырмалы зерттеулер нәтижелеріне баға беру.

4. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Суық қаруға зерттеу жүргізуге құқығы бар маман-криминалистің жанжақты білімі болуы керек, яғни ол әртүрлі ұлттар мен халықтардың тарихын, әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, аңшылықтануды, туризмді, күрестің спорттық және жауынгерлік түрлерін, металлургиялық істі, металл өңдеу технологияларын және тағы басқа материалдарды білуі тиіс. Бұдан басқа, маман суық қару жіктелуінің универсалдық жүйесін меңгеруі, оны бағалау критерийін білуі қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 3 тақырып. Сұқпалы (клинковое) суық қаруды криминалистикалық зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Заттың сұқпалы суық қаруға жататын-жатпайтындығын, оның түрін, үлгісін анықтау.

2. Қолдан жасалған суық қаруға жататындығын анықтау мақсатында зерттеу объектілерін криминалистикалық бағалаудың ерекшеліктері

Дәріс тезистері

Қару адамзат дамуының ерте кездерінде әмбебап (универсалды) және көп мақсатты болды, яғни бір уақытта әрі қару, әрі еңбек құралы болып табылды. Азық және киім табу, сондай-ақ өзін өзі қорғауға қажет болатын сипаттан бастап, қару бірте-бірте жетілдіріліп, күрделене түсті. Нәрсенің жеке қасиеттерін ерекшелеу және күшейту арқылы олар мамандандырыла түсті. Бастапқыда ауылшаруашылық мақсатта қолданыла отырып, қару біртіндеп жауынгерлік түрге айнала бастады. Мысалыға айтар болсақ, ағаштың үшкірлігінің қасиетін күшейту арқылы найза – пика, тастан жасалған балтаның шабу қасиетін күшейту арқылы темір балта және тағы басқалар жасалды.

Сұқпалы қару ұстау, басқару, әрекет ету әдісіне, өлшемі мен конструкциясына байланысты үш негізгі тектен тұрады:

а) ұстағыш;

б) сабымен (саптық);

в) ұстағышсыз немесе сабысыз, бірақ оны ұзын ұңғылы немесе орташа ұңғылы қолды атыс қаруына бекітуге арналған құрылғысымен (инелі және кейбір жалпақ істіктер).

Сот-тергеу және сараптама практикасында кездесетін сұқпалы қарулардың көпшілігі - ұстағышы бар суық қарулар, яғни оларды сұқпасының ұзындығы бойынша келесідей түрлерлерге бөлу қажет:

а) ұзын сұқпалы (қылыштар (сабля), шашка, палаш, шпага, семсер (мечь), ятаган және басқалар);

б) қысқа сұқпалы.

Ұзын сұқпалы суық қару:

- ҚЫЛЫШ (сабля) (венгер тілінен алғанда - кесу) – сұқпасы иілген, яғни жүзі (лезвие) сыртқа қарай, ал желкесі – ішке қарай иілген шабатын, шауып-кесетін немесе түйреп-шауып-кесуші (сұқпаның майысу дәрежесі мен ұшының құрылымына байланысты) суық қару;

- түйрегінш шпага (кесетін-түйрейтін-шабатын) бір немесе екі тар тура сұқпалы, жалпақ (доласымен) немесе қырлы (қаттылық қырымен), ұзындығы 660-900 мм., ал кейбір үлгілерін 1 мм дейін және одан көп) суық қару. Шпаганың эфестері түзу немесе майысқан, гардамен немесе крестовиналық дужкамен жабдықталған. Шпаганың түрлері ретінде рапиралар табылады.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 4 тақырып. Сұқпасыз (неклинковое) суық қаруды криминалистикалық зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Заттың сұқпасыз суық қаруға жататындығын, оның түрін, үлгісін анықтау.

2. Сұқпасыз суық қаруға жататындығын анықтау мақсатында заттарды криминалистикалық бағалаудың ерекшеліктері.

Дәріс тезистері

Сұқпасыз (соқпалы) суық қару қылмыстық істерді практикалық тергеп-тексеру барысында сұқпалы суық қарулармен салыстырғанда аз кездеседі, алайда ол бұзақылық пен қарақшылық қылмыстарын жасауға бейім адамдарда көп кездеседі.

Сұқпасыз суық қарудың зақымдау тиімділігі – бұл адамның бұлшық ет күшін қолдану арқылы осы құрылғының қатты да берік бөлігімен соққы беруі, осының салдарынан зақымдалуы тиіс объекті денесінің жұқа тіндері (ткань) езіліп, сүйектері мен шеміршектері бөлшектеліп-талқандалады.

Кез келген суық қару белгілерінің бірі ретінде, атап айтқанда сұқпасыз суық қаруда, тікелей өндірістік немесе шаруашылық-тұрмыстық сипаты болмайды.

Сұқпасыз қару, яғни ұрып-сындырататын суық қаруға соққы беретін арнайы бөлігі мен конструкцияның жоғары мықтылығы жағынан ерекшеленетін белгілер тән болады. Бұл топтағы қарулар күшті соққыларға төзетін, конфигурациясы бойынша мынадай топтарға бөлінеді:

1. Сабы қысқалау, қосымша зақымдау бөлігі (тікенекті темірлер) бар суық қарулар — күрзі, сойыл және т. б.

2. Сабына шынжыр, жіп арқылы шар түріндегі соққылау бөлігі ілінген суық қару — қол шоқпар, нунчаку сияқтылар.

3. Қолға кигізілетін суық қарулар — кастет сияқтылар.

Соққы-бөлшектегіш сұқпасыз суық қаруды қарап-тексеру хаттамасында сипаттау кезінде келесілерді көрсету қажет: соққы-бөлшектегіш суық қарудың табылған жері; оның қоршаған заттармен (бағдарлармен) өзара орналасуы; жалпы сипаттамасы; атауы мен конструкциясы; қарудың қандай бөліктерден тұратындығы, олардың формасы, өлшемі (ұзындығы, ені, қалыңдығы); қару немесе оның бөліктері дайындалған материал (металл, ағаш, пластмасса және басқалар), түсі, беріктілігі; қарудың қабатының сипаты; нәрсенің ұратын (соққыш) бөліктері (дөңестері, шиптері, тістері), подвесі, ұстағышы, ұстағышының соңындағы тұзақ, олардың формалары, өлшемі, материалы.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 5 тақырып. Лақтыратын қаруды криминалистикалық зерттеу

Дәріс жоспары (1 сағат):

1. Садақ пен арбалеттің шығу тарихы және құрылғысы.
2. Садақ пен арбалетті техникалық-криминалистикалық зерттеу.
3. Садақ пен арбалетті криминалистикалық зерттеу әдістемесі.
4. Лақтырылатын заттарды криминалистикалық зерттеу әдістемесі.

Дәріс тезистері

Лақтыратын қаруды сараптамалық зерттеу жалпы әдістемеге сәйкес бірнеше сатыдан тұрады. Алдын ала зерттеу сатысында дәстүрлі сұрақтар, атап айтқанда буманың бүтіндігі, объектінің қаулыдағы сипаттамаға сәйкестігі, шешіледі, соынмен қатар зерттеудің жоспары және тағы басқалар жасалады.

Объектіні бөлек зерттеудің мақсаты – бұл лақтыратын қарудың бір немесе басқа түріне тән конструкциялық белгілер кешенін анықтау, объектінің жасалу әдісі мен оның бөліктерінің күйін анықтау. Зерттеудің салыстырмалы сатысында конструкциялық белгілердің жеке бөлінген кешені конструкциясы бойынша осыған ұқсас лақтыратын қару мен нәрселердің әйгілі түрлері мен әрқилылығының тиісті конструкциялық белгілеріне сәйкестендіріліп жатқызылады.

Сараптамалық эксперимент сатысында конструкция детальдарының өзара әрекеттесуі, объектінің беріктілігі мен зақымдаушы сипаттары тексеріледі. Қойылған сұрақтар бойынша сарапшының тұжырымы зерттеудің барлық сатыларындағы нәтижелер негізінде құрылады.

Нақты бір объектіні зерттеу әдістемесі мен зерттеу сатыларының тізбектілігі оның конструкциясының ерекшелігі мен қойылған сұрақтарға орай нақтыланады.

Садақ – жебе лақтыруға арналған ежелгі қол қаруы. Ол 17 ғасырға дейінгі мезолит дәуірінен бері қолданыста. Садақ - лақтырылатын суық қару түрі, ол иінді ағаштан, адырнадан және осыларды бір-бірімен қосып бекітетін тетіктен тұратын құрылғы. Бұл қару түрі өзінің жебесінің неғұрлым алысқа лақтырылуымен, сол жебенің мықтылығы мен зақымдау мүмкіндігімен анықталады. Жебелердің өлтіру күші 30-90 метр аралығында болады. Жебелерінің ұшы үшкір жан-жағы өткір қайралған болғандықтан, шаншылатын қару міндеттерін атқарады.

Арбалет конструкциясы бойынша адырнасы бар садақтан, жебе бағыттайтын науасы және ұстап тұрып, жіберіп қалатын механизмдері орналасқан, қаңқадан тұратын лақтырылатын суық қаруға жататын құрылғы. Оның иық тірейтін дүмі немесе тапанша типтес сабы, адырна тартатын механизмі не қолмен тартқанда аяқ тірейтін үзеңгісі және көздеп атуға арналған қарауылы (оптикалық, диоптрикалық немесе лазерлік) болады. Адырнасының тартылу күші (суық қаруға жататындардың) 30-90 килограмм аралығында, жебесінің өлтіру күші 150-300 метрге дейін жетеді. Ғылыми-техникалық прогрестің дамуына қарай келтірілген өлшемдер біршама артуы мүмкін.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтар

№ 1 тақырып. Суық қаруды зерттеу, оның жіктелуі (классификация) және жекелеген түрлерінің конструктивті элементтері (1 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Суық қаруды криминалистикалық зерттеудің құқықтық ережелері мен негіздері.
2. Суық қарудың жіктелуі (классификациясы).
3. Суық қарудың конструктивті ерекшеліктері.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырманы орындау барысында курсанттар суық қарудың ұсынылған объектісін қарап-тексеріп, буып-түйіп, оны сот фотосуретінің ережелері бойынша фотоға түсіріп, фотокесте толтырып, оны сипаттап жазулары қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 2 тақырып. Суық қаруды криминалистикалық зерттеудің жалпы әдістемесі (1 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Суық қаруды алдын ала зерттеудің сатылары.
2. Суық қаруды егжей-тегжейлі (детальды) зерттеудің сатылары.
3. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құрастыру.
4. Зерттеу нәтижелерін рәсімдеу.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта ұсынылған объектіге криминалистикалық зерттеудің әдістемесіне сәйкес қысқаша сипаттау жүргізуді жалғастыру қажет.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

№ 3 тақырып. Сұқпалы (клинковое) суық қаруды криминалистикалық зерттеу (20 сағат)

3.1 тақырып (8 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қарудың жіктелуінің түсінігі мен жүйесі.
2. Сұқпалы суық қарудың конструктивті элементтері.

Практикалық тапсырма:

Практикалық тапсырманы орындау барысында курсанттар сұқпалы суық қарудың ұсынылған объектісін қарап-тексеріп, буып-түйіп, оны сот фотосуретінің ережелері бойынша фотоға түсіріп, фотокесте толтырып, оны сипаттап жазулары қажет. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қарудың жіктелуінің түсінігі мен жүйесі.
2. Сұқпалы суық қарудың конструктивті элементтері, сипаттау және өлшеу тәртібі.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта ұсынылған объектіге зерттеу жүргізуді, сипаттау және өлшеу жүргізуді жалғастыру қажет. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қарудың жіктелуінің түсінігі мен жүйесі.
2. Сұқпалы суық қаруды айқындау критерийі.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта ұсынылған сұқпалы суық қарудың объектісін суық қару санатына жатқызу өлшеміне сәйкес қарауды жалғастыру қажет. Фотокесте толтыру. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 4 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қаруды зерттеу әдістемесі.
2. Сұқпалы суық қаруды алдын ала және бөлек зерттеу сатылары.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта сұқпалы суық қаруды алдын ала және бөлек зерттеу сатыларын сипаттауды жүргізулері қажет. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 5 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қаруды салыстырмалы зерттеудің сатысы.
2. Сараптамалық эксперимент сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта анықтамалық әдебиетті қолдана отырып салыстырмалы зерттеу, сондай-ақ сараптамалық эксперимент жүргізіп, барлығын маманның қорытындысында сипаттаумен бекітуі қажет. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 6 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құрастыру сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта жүргізілген зерттеуге баға беруді, оны маманның қорытындысында сипаттау мен тұжырымдар құрастыруды жүргізулері қажет. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

3.2 тақырып (6 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қаруды алдын ала зерттеу сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпалы суық қаруға қарап-тексеру және зерттеу, фото суретке түсіру, сипаттау

қажет. Сұқпалы суық қаруды алдын ала криминалистикалық зерттеу сатысы. №2 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Бөлек зерттеу сатысы.
2. Сұқпалы суық қаруды салыстырмалы зерттеудің сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта анықтамалық әдебиетті қолдана отырып салыстырмалы зерттеу, масштабты фототүсіру ережелері бойынша фотоға түсіруді, сондай-ақ осының барлығын маманның қорытындысында сипаттауды жүргізулері қажет. №2 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сараптамалық эксперимент сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта суық қаруды зерттеу әдістемесіне сәйкес сараптамалық эксперимент жүргізулері, сондай-ақ осының барлығын маманның қорытындысында сипаттаулары қажет. №2 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 4 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құрастыру сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта жүргізілген зерттеуге баға беруді, оны маманның қорытындысында сипаттау мен тұжырымдар құрастыруды жүргізулері қажет. №2 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

3.3 тақырып (4 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпалы суық қаруды алдын ала зерттеу сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпалы суық қаруға қарап-тексеру және зерттеу, үлгіні алдын ала зерттеу сатыларын маманның қорытындысында сипаттауды жүргізулері қажет. №3 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Бөлек зерттеу сатысы.
2. Сұқпалы суық қаруды салыстырмалы зерттеудің сатысы.
3. Сараптамалық эксперимент сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта анықтамалық әдебиетті қолдана отырып бөлек, салыстырмалы зерттеу және сараптамалық эксперимент жүргізу, масштабты фототүсіру ережелері бойынша фотоға түсіруді, сондай-ақ осының барлығын маманның қорытындысында сипаттау арқылы бекітулері қажет. №3 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құрастыру сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта жүргізілген зерттеуге баға беруді, оны маманның қорытындысында сипаттау мен тұжырымдар құрастыруды жүргізулері қажет. №3 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 4 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тұжырымдарды рәсімдеу. Сараптамалық тұжырымдардың түрлері.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта тұжырымдарға баға беруі және осы нәтижелерді маманның қорытындысында рәсімдеулері тиіс. Сабақтың соңында маманның қорытындысын жазуды және оған тіркелетін фотокестені аяқтайды. №4 криминалистикалық зерттеу.

№ 4 тақырып. Сұқпасыз (неклинковое) суық қаруды криминалистикалық зерттеу (17 сағат)

4.1 тақырып (10 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпасыз суық қарудың жіктелуінің түсінігі мен жүйесі.
2. Сұқпасыз суық қаруды айқындау критерийі.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпасыз суық қару үлгісіне диагностикалық зерттеу жүргізулері қажет.

Сонымен қатар, оны сот фотографиясы ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №4 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпасыз суық қаруды айқындау критерийі.
2. Сұқпасыз суық қаруды алдын ала зерттеу сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпасыз суық қару үлгісіне алдын ала зерттеу жүргізулері қажет. Сонымен қатар, оны сот фотографиясы ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №4 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпасыз суық қаруды бөлек зерттеу сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпасыз суық қару үлгісіне бөлек зерттеу жүргізулері қажет. Сонымен қатар, оны сипаттайды, өлшеу жүргізеді. №4 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 4 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпасыз суық қаруды салыстырмалы зерттеудің сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпасыз суық қару үлгісіне салыстырмалы зерттеу жүргізулері қажет. Сонымен қатар, оны маман қорытындысының зерттеу бөлігінде сипаттайды, сот фотографиясы ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №1 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 5 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сұқпасыз суық қаруды зерттеудің сараптамалық эксперимент сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған сұқпасыз суық қару үлгісіне сараптамалық эксперимент жүргізулері қажет. Сонымен қатар, оны маман қорытындысының зерттеу бөлігінде сипаттайды, сот фотографиясы ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №4 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 6 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Зерттеу нәтижелерін бағалау және тұжырымдар құрастыру сатысы.
2. Тұжырымдарды рәсімдеу. Сараптамалық тұжырымдардың түрлері.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта тұжырымдарға баға беруі және осы нәтижелерді маманның қорытындысында рәсімдеулері тиіс. Сабақтың соңында маманның қорытындысын жазуды және оған тіркелетін фотокестені аяқтайды. №4 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 7 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Тұжырымдарды рәсімдеу. Сараптамалық тұжырымдардың түрлері.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта тұжырымдарға баға беруі және осы нәтижелерді маманның қорытындысында рәсімдеулері тиіс. Сабақтың соңында маманның қорытындысын жазуды және оған тіркелетін фотокестені аяқтайды. №4 криминалистикалық зерттеу.

4.2 тақырып (7 сағат)

Практикалық сабақтың жоспары 1 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қолдан жасалған сұқпасыз суық қаруды алдын ала тергеу сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған қолдан жасалған сұқпасыз суық қару үлгісіне диагностикалық зерттеу жүргізулері қажет. Сонымен қатар, оны сот фотографиясы ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №5 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 2 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қолдан жасалған сұқпасыз (неклинковое) суық қаруды бөлек зерттеу, егжей-тегжейлі (детальды) сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған қолдан жасалған сұқпасыз суық қару үлгісіне бөлек зерттеу жүргізулері қажет. Сонымен қатар, оны сипаттайды, өлшеу жүргізеді, сот фотографиясы

ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №5 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 3 (1 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Қолдан жасалған сұқпасыз (неклинковое) суық қаруды салыстырмалы зерттеу, егжей-тегжейлі(детальды) сатысы.

Практикалық тапсырма:

Курсанттар практикалық сабақта буып-түйілген күйде ұсынылған қолдан жасалған сұқпасыз суық қару үлгісіне, сұқпасыз суық қару үлгісіне салыстырмалы зерттеу жүргізулері қажет, маманның қорытындысының салыстырмалы бөлігінде сипаттайды, сот фотографиясы ережелеріне сәйкес фото суретке түсіреді. Фотокесте толтырады. №5 криминалистикалық зерттеу.

Тақырып бойынша ұсынылатын әдебиет тізімі: 1,6,7,8,9,2,3,4,5,11,14, 23,24,25,27,28 (Қар. 2.7 бөлім).

Практикалық сабақтың жоспары 4 (2 сағат)

Бақылау сұрақтары:

1. Сараптамалық эксперимент.
2. Зерттеу нәтижелерін бағалау.

Практикалық тапсырма:

